

Қосай АЛТЫНБЕКОВ

ОРХОН ЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ШАҒЫН ЖАНРЛАРМЕН
БАЙЛАНЫСЫ

В статье рассматривается жанровый синкретизм - применение малых жанров фольклора в орхонской письменных памятниках сравнивая с героическими эпосами.

Bu makalede Orhon abidelerindeki edebi ütlenin bir araya gelmesi ve küçük folklor ütleninin kullanılışı kahramanlık destanlarıyla kıyaslanarak incelenmiştir.

Фольклор мен көне әдебиет үлгілерінің синкретті сипатта болатындығы белгілі. Бұл құбылыстың жалшылық ортақ сипатын көптеген халықтардың фольклоры мен әдебиет тарихынан көруімізге болады. Фольклор синкретизмін Е.М.Мелетинский идеологиялық және жанрлар синкретизмі деп екі салаға бөліп қарайды [1. 83].

Жалшы ежелгі дәуірлерде туған көркем туындылар жанр синкреттілігімен ерекшеленетіндей, синкретизмнің екі түрі де белгілі дәрежеде Орхон ескерткіштерінде де көрініс ташқан.

Идеологиялық синкретизм, Ш.Ыбыраев атап көрсеткендей, ең ежелгі дәуірлерде өнердің наным-сенім, мифтік түсініктерден ажырамай салттық, ритуалдық көзқарастармен байланысты өмір сүруін сипаттайды. Түркілердің тәңірлік дінінде осының ізі айқын. Жанрлардың синкретизмі поэзияның, жалшы өнердің тегі мен түрлерінің бір-бірінен ажырамай, тұтас жүрген кезеңін қамтиды [2. 60-61].

Орхон ескерткіштерінде идеологиялық синкретизм түркілердің дүниетанымына, наным-сенімдеріне байланысты, яғни ежелгі түркілердің Көк Тәңіріне табынуына, әлемнің, адамның, түркілердің жаратылысы, Ұмай анаға, Жер-суға, ата-баба рухына, т.б. байланысты таным-түсініктерінің бейнеленуінен көрініс ташқан.

Орхон ескерткіштеріндегі жанрлық синкретизм олардың өнердің басқа түрлерімен, жоқтау, арнау, шешендік сөздер, мақал-мәтел сияқты фольклорлық шағын жанрлармен байланыстылығынан байқалады.

Фольклор мен әдебиет тарихын, теориясын зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, ежелгі әдеби туындылар айтылу барысында сазбен, әуенмен, ырғақпен бірлесіп, оларда өнердің бірнеше түрлері қатар орындалған. Ежелгі дәуірлер адамдары да қуанышы мен шаттығын, қайғысы мен мұңын – көңіліндегі т.б. сезім толқындарын тек сөзімен ғана емес, әр түрлі іс-әрекеттерімен, мұңды, сазды әуенімен, зарлы үнімен де үндестіре, қимыл-қозғалыстармен (билеп те) те білдіруді дәстүр еткен. Бұл құбылыстың көптеген халықтарға ортақ екендігіне, кейбір түрлерінің ежелгі түркілерде де болғандығына дәлел болатын деректер аз емес.

Түрлі кезең, дәуірлердің танымын, көріністерін бойына жинақтап, көп қабаттылық сипатқа ие болып, әр кезең, дәуірлердегі мотив, сюжеттермен толығып, тұтастанып көлемді жырға айналу барысында белгілі бір әуенмен орындалып, шағын жанрларды да бойына жинақтап отыруы эпосқа тән белгілердің бірі болса, эпикалық дәстүрмен жазылған Орхон жазбаларында да бұл құбылыстың белгілері бар.

Ғалым Ғ.Мұсабаевтың Көк түріктер дәуірінде де эпикалық дастан үлгісі болғанын, оның Орхон жазбаларына қатысын айта келіп, олардың бір ерекшелігі деп мәтіннің әнге құрылуын атап көрсетсе [3], осы ойды фольклортанушы ғалым Ә.Қоңыратбаев та: «Күл-Тегін» жырын Иолығ тегін ғана емес, тайша ақындары жырласа да ғажап емес. Қағандар қобызшы, ақындар ұстаған», – деп сабақтаған болатын [4. 78]. Ал, ғалым М.Жолдасбеков Орхон жырларының қандай әуенмен орындалғандығын бүгінде айқындаудың өте қиын екендігі, бұл бағытта да зерттеу жұмыстарының жүргізілуі керектігі жөнінде айтса [5.92], Т.Қоңыратбай: «Қарастырып отырған ескерткіштердің синкреттік сипатқа ие болып, белгілі бір музыкалық – эпикалық дәстүр аясында өмір сүргені де күмән тудырмауы тиіс. Ұйқас, ырғақ, жалпы көркем ой бар жерде поэзия мен музыка элементтерінің қатар жүретіні белгілі. Оны фольклортану ғылымындағы синкретизм теориясы дәлелдеген», – деп көрсетеді [6. 59].

Күлтегін, Орхон жырларының ауызша түрде пайда болуы және ауызша толығырақ нұсқаларының болуы мүмкіндігі жөнінде М.Әуезов, М.Жолдасбеков сияқты ғалымдар айтқан ойларға ден қойсақ, онда олардың белгілі бір әуенге қатысы болғанын шамалауға болады. Бірақ ол әуен немесе мақам қандай сипатта болды деген мәселе жөнінде толымды ой айта алмаймыз. Бұл жөнінде Р.Бердібайдың: «Өкінішке қарай, фольклортану ғылымының құлапы осындай түрлі пән жетістіктерін меңгеру дәрежесіне көтеріле алған жоқ. Белгілі бір мәтінді жалаң оқып шығумен ғана күрделі ойлар түйю мүмкін емес. Басқасын былай қойғанда, қазақ жырларының сөздері жарияланып, олардың саздық (музыкалық) өрнегі мүлде тасада қалдырылып келе жатқанын зерттеу ісінің балаңдығына қосамыз. «Қазақ жырларының сақталуы мен дамуына ән-ырғақтың мәні қаншалық» деген мәселе өз зерттеушілерін күтіп тұр», – деп жазғанындай [7.75] Орхон жырларының синкреттілік сипатының осы сияқты қырларының да зерттеп, айқындай түсетін маңызды жақтары бар екендігін де есте ұстауға тиіссіз.

Орхон жазбаларының жанрлық синкреттілік сипатын олардағы көне тұрмыс-салт жырларының жоқтау, арнау, мақал-мәтел сипатындағы сөз үлгілерінің қолданылуы айқындайды. Кезінде Л.Н.Бернштам Күлтегін ескерткішінің халық ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі жоқтау жырлармен стилінің ұқсастығына көңіл бөлген [8. 37-38].

Орхон жазбаларының бірқатарында (көбісінде деуге болады) жоқтау үлгілері көрініс тапқан. Түркілердің арғы бабалары сақтар мен ғұндарда да қол бастап, халқын сыртқы жаудан қорғаған батырлары қайтыс болғанда аза

тұтып, қасіретті жоқтау жырларын айтатын дәстүрінің болғанына, бұл дәстүрдің көне дәуірлерден бастау алатындығын тарихи деректер мен әдебиет үлгілері де көрсетеді.

Жоқтау - түркі халықтарында ежелден тұрмыс-салтымен бірге келе жатқан көне жанр. Академик Ә.Марғұланның пікіріне назар аударсақ, ежелгі көпшелі тайпалардың тіршілігіндегі «патриархал қауымның әлеуметтік тұрмысы, жора-жосыны, өлікті қадірлеумен байланысты дәстүрлері – қоштасу, естірту, жоқтау, аза тұтып қайғыру, жылау, қадірлеп шығарып салу, басына белгі орнату, ас беріш той жасау, сойыс қылу – бәрі бұрынғы көпшелі сақ, гун, үйсіндерден бері қарай қазақ пен қырғыз халқына дейін жеткен тарихи жоралар» [9.26].

Көне дәуірлердегі жоқтау жанрының ежелгі көркем әдебиет үлгілеріне, қаһармандық жырларға, олардағы ой арқауына негіз болғанына жазбапа, ауызша түрде жеткен әдебиет үлгілері дәлел болады. Түрік қағанаты дәуірінің сөз шеберлері де белгілі қоғам қайраткерлері, батырлары қайтыс болғанда көне дәуірлерден қалыптасқан дәстүр бойынша жоқтап, олардың еліне еткен қажырлы іс, еңбектерін, ерлікке толы батырлық жорықтарын көлемді жырға айналдырумен қатар, оларға ескерткіш орнатып жазып қалдыруды, санадан өшірмеуді дәстүр еткен.

Жоқтау жыр дәстүрінің түркі халықтары тарихында сақ, ғұн дәуірлерінен бастау алатындығына Махмұт Қашқари сөздігіндегі Алып Ер Тоңғаны жоқтауға байланысты келтірілетін жыр үзінділері де дәлел болады. Ғалым Н.Келімбетов ежелгі түркілерде Алып Ер Тоңғаның ерліктерін жырлайтын эпикалық дастан болғандығы жөнінде айта келіп: «Бұл дастан «Алып Ер Тоңғаның қайтыс болып, бүкіл түркі елінің күңіренген жоқтау жырымен аяқталады», – [10.34] дейді. Ғалым М.Қашқаридың сөздігіндегі “Алып Ер Тоңға” жоқтауын дастанның соңғы тарауы болса керек деп пайымдайды. Қаһармандық дастандарда жырды жоқтаумен аяқтаудың ежелгі дәуірден бастау алып қалыптасқан дәстүрінің болғандығын осы «Алып Ер Тоңға» жыры да байқатады.

Бұл жырда Алып Ер Тоңға қазасына байланысты оны жоқтаған адамдардың жылағаны, жылап-сықтаудан, қайғы-қасіреттен күйзелгені бейнелеген. Ол М.Қашқаридің сөздігінде келтірілген:

- Алып Ер Тоңа өлді ме?
Жалған дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар! [11. 70]

Бөрідей ерлер ұлысты,
Бақырып жаға жұлысты,
Дауыс салып жырлады,

Суалды көзі жылады [11.226].

Бектер атын болдыртты,
Қайғы оны тоздыртты,
Жүз шырайы сарғайды,
Зағыран оған жаққандай [11. 545].

деген үзінділерде көрініс тапқан. Мұндағы “жалған дүние”, “бөрідей ұлыды”, “көзі су алды”, “жүзі сарғайды” деген сияқты тұрақты сөз тіркестері қазақ жоқтауларында да жиі кезесетін қолданыстар.

Эпикалық дастандарда батырдың ерлігі, ел үшін жасаған жорықтары, жан аямас күрестері жырлана келіп жырдың соңы жоқтауға ұласатыны кейінгі дәуірлердегі тарихи жырларда да сақталғандығына көптеп мысалдар келтіруге болады. Бұл дәстүрдің Түркі қағанаты дәуірінде де сақталғандығына Орхон жазбалары дәлел болады.

Осы көне жанрдың ежелгі жазба әдебиетіміздің қалыптасып дамуындағы орны қандай деген мәселеге келетін болсақ, олардың басқа жанрларға қарағанда қаһармандық жырлардың тууына негіз болғандығын, соған орай олардың өзара жақындық байланысы бар екендігін байқаймыз.

Күлтегін жырындағы жоқтау үлгісін қазақ эпостарындағы жоқтау үлгілерімен салыстыра отырып, жоқтау жанрының қаһармандық эпос пен Орхон ескерткіштерінің шығу тегін, олардың жасалынуудағы орнын да айқындауға болады. Күлтегін жоқтауында кейінгі дәуірлерде туған қазақ жоқтауларың негізгі ерекшелігі, сипаты біршама көрініс тапқан.

Осы сияқты Онгин жазба ескерткішінде мәтіннің соңындағы ескерткішті орнатқан баласының әкесі жөніндегі айтқан сөздерінен де Күлтегін ескерткішіндегі Білге қағанды жоқтау сөздерімен ұқсастықты аңғарамыз. Ол ұлының әкесіне деген құрмет сезімі көрініс тапқан “Білікті аташым”, “Ұлы алып ер, жақсы әке аташым” деген эмоциялық сипаттағы сөздерінен аңғарылады [12.145-146].

Қаһармандық жырлар мен жоқтау жырларды жақындастыра түсетін басты белгілердің бірі – олардың шығу тегінің бастауларында, айтылмақ ойлардың ортақтығында, яғни идеяларының жақындық, туыстық негіздерінде. Бұл келтірілген деректер, пікірлер Орхон ескерткіштері мен қазақ жоқтаулары арасында дәстүрлі байланыстардың бар екенін көрсетеді. Орхон жазбаларының жанрлық синкреттілігін, фольклормен байланысын айқындай түсетін белгілердің бірі – онда *арнау*, *толғау* үлгілерінің кездесетіндігі. Арнау өлең түрлерінің, шешендік сөздердегі арнаудың, көркем шығамалардағы арнау сөздің шығу төркіні көне дәуірлерден бастау алғанына күмән жоқ. Арнаудың шығуы адамдардың бір-бірімен, қоршаған ортамен, табиғатпен қарым-қатынас негізінде туғаны анық. Оның түпкі негіздері

фольклордың ең көне үлгілері – арбау, жалбарыну, алғыс, қарғыс, бата, тілек, өсиет, т.б. сол сияқты шағын түрлерінен бастау алады. Бұл мазмұндағы пығармалардың түркі халықтарында тым ежелгі дәуірлерде-ақ қалыптасып орныққанына, ауыз әдебиетімен қатар ежелгі жазбалардан да орын алғандығына Батыс Қазақстаннан табылған қола айнадағы, сол сияқты Есік қаласынан табылған күміс тостағандағы жазулар дәлел болады.

Осындай арнау сипатындағы көркем сөз үлгілерін көк түріктер дәуіріндегі жазбалардан – Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен көптеп кездестіреміз. Ол жазбаларда арнаулардың айтылуының тарихи негіздері де көрініс ташқан.

Онгин жазба ескерткішінде, сол сияқты Орхон жазбаларының көлемді де көркемдік сипаты жағынан айшықтылары болып саналатын «Күлтегін», «Білге қаған», «Тонькөк» жырларында арнау сөз үлгілері аз емес. Орхон ескерткішіндегі Білге қағанның:

Тәңірі текті Тәңіріден жаралған
Түрк Білге қаған.
Бұл шақта, отырдым (таққа),
Сөзімді түгел естіңдер!

Сол сияқты:

Тоғыз оғыз бектері, халқы!
Бұл сөзімді мұқият тыңда, терең ұқ”, –

деген жолдардан қазақ әдебиетінде ерекше дамыған шешендік сөздердің жоралғысын да танимыз [5.76].

Орхон жырларының кіріспе, қорытынды бөлімдерінде кездесетін гибрат сөз, көпшілікке арнап көтеріңкі екпінмен үндеу тастап ақыл-өсиет айту, сұрақ қоя сөйлеу дәстүрі ежелгі түркі дастандарында да, қазақтың батырлық жырларында да үлкен орын алады.

Орхон жазбаларының синкреттік сипатын оларда *мақал-мәтел* үлгілерінің жиі қолданылуы да айқындай түседі. Ол жазбалардан мақал-мәтелдермен қатар, айтар ойды тұспалдап қана білдіретін мәтелдерді де, кейбір лепті, өлеңді тіркестердің өткірлеген, ықшамдалған ұтымды түрлерін де көптеп кездестіреміз. Жазбалардағы айтар ойды қысқа түрде, әрі бейнелі етіп жеткізу үшін қолданылатын «Мұқият тыңда, терең ұқ», «Жырақ болса, жаман сыйлық берер, Жақын болса, жақсы сыйлық берер», «Апшықта тоқтықты түсінбейсің, Бір тойсаң, апшықты түсінбейсің» деген жолдардың да түркі тайпаларының тыныс-тіршілігінен туғаны анық. Сол секілді:

Тағдырды тәңірі жасар,
Адам баласы бәрі өлгелі жаралған [13.126], –

деген мақал мәндес жолдар, кейбір сөз тіркестері жалшы сипаты – ішкі мазмұны мен құрылысы, сөз кестесі жағынан фольклорлық туындыларда жиі кездесіп отыратын қолданыстарға, мақал-мәтелдерге жақындығымен ерекшеленеді. Мысалы, осы ой, танымның «Алшамыс батыр» жырындағы:

Жаман жақсы болса да
Жазудан адам қала ма [14. 48]?

деген, тағы сол сияқты:

Көптен қалып көнерген
Дүние, сарай мекені.
Мекенді аз күн отан қып

Нәубетпен барша өтеді [14.190],

немесе:

Ажалсыз адам өлмейді,
Тағдырсыз қаза көрмейді [14.206],

деген жыр жолдарымен, сонымен қатар М.Қашқаридың «Түрік сөздігіндегі»:

Заман өтер, кісі тоймас,
Адам ұлы мәңгі қалмас [15.73]

Адам мәңгі қалмайды, туса - туар,
Дүниенің күн, жұлдызы туар – тұрар [16.506].

Адам баласы жоғалар, жақсы аты қалар [16.512] –

мақал-мәтелдермен іштей мазмұндас болып, сабақтасып жатқанын көреміз.

«Тоныкөк» жырында да қайталанып келіп отыратын ауыз әдебиетінде жиі қолданылатын тұрақты бейнелі, өсиет, нақыл, мақал-мәтелге жуық сөздер мол. Бұл жырда ташқырлыққа құрылған шешендік сөз үлгілерінің көптеп кездесуі кездейсоқ құбылыс емес. Деректерге сүйенсек, Тоныкөк - ел мәселесін шешетін күрделі сәттерде билік айтып, жол көрсетіп отырған қағандардың ақылшы биі, батыр жырауы.

Қазақ ауыз әдебиеті салаларының ішінде өзінің жанрлық табиғаты жағынан күрделісі болып саналатын шешендік сөздерді тудырып, дамытушы да көбінесе сол билер мен жыраулар болған. Билер мен жыраулардың көп қасиеттерімен бір-біріне ұқсастығы бар. «Би» сөзінің де, «шешен» сөзінің де көне замандардан келе жатқандығы дау туғызбайды. Бұл жөнінде қазақ ғалымдарының зерттеулерінде аз жазылып жүрген жоқ. Тоныкөк сөзінде де қазақ би-шешендері мен жырауларының сөздеріндегі сияқты терең логикалық жүйе, ойды қозғайтын, көңілді тербейтін даналық жатқаны дау

туғызбайды. Онда қазақтың күні бүгінге дейінгі айтып келе жатқан қанатты сөздері мол [17. 11].

Тонькөк Түрік қағанатын сақтап қалу үшін ең алдымен елдің ішкі бірлігі керек екендігі жөніндегі ойын пернелеп, астармен нақыл - өсиет айту арқылы:

Жұқаны топтау – оңай.
Жіңішкені үзу – оңай.
Жұқа қалыңдаса, (Оны тек) алып таптайды.

Жіңішке жуандаса, (Оны тек) алып үзеді [13.131], -

деп жеткізеді. Сол сияқты жырдағы: «Өлімнен ұят күшті» [13.138] деген мақалдардың да қазақтың қаһармандық жырларындағы, мысалы, «Алшамыс батыр» жырындағы:

Жауға барсаң кесерді ал,
Дауға барсаң шешенді ал [14.115],
Далаға шықсаң жолдас ал
Жалғыз қиын тегінде [14.128],

Ақсұңқар ұшар жем үшін,
Туады ерлер ел үшін [14.156].

деген жолдардың мақал үлгілерімен тектес, ерлік, батырлық ұғымдарымен байланысты туғандығын байқаймыз.

Түркі халықтарының эпостық жырларында жиі қолданылып, жырға рең, көрік, әр беріп отыратын мұндай өсиет, нақыл сөздер ертедегі жырларымыздың да ең басты құралдарының бірі болғаны анық.

Қорыта айтқанда, ежелгі түркілердің халықтық поэтикалық әдеби үлгілерінің – жоқтау, арнау, толғау сияқты шешендік сөз үлгілерінің, мақал-мәтелдерінің Орхон жазбаларына көрініс беруі, қолданылуы кездейсоқ болған құбылыс емес. Келешек ұрпақ тағдыры, елдің, халықтың болашағы толғаңдырған көк түріктер заманының ойшыл жазбагерлері де өмір тәжірибесіне негізделген, сан ғасырлар сөз шеберлері сүзгісінен өткен ой түйіндерін эпикалық шығармалар жасауда орайлы, қажетті жерінде қолданып отырған деп тұжырымдауға болады. Ел қорғаған батырлар тұлғасын жасау барысында Йолығ тегін, Тонькөк сияқты сөз зергерлері ауыз әдебиетінің халық арасында кеңінен айтылатын бейнелі, тұақты сөз кестелерін де молынан пайдаланып отырған. Орхон жазбаларындағы фольклорлық шағын жанрлар үлгілерінің мол кездесіп отыратындығын сол жазулар тасқа түскенге дейінгі және сол дәуірдегі ауызша тараған мол поэзияның әсері деуімізге болады.

Жоғарыда келтірілген салыстырулар, ой-шікірлер әр дәуірлердегі халық ойының, сөз саптау, тіл ұстаргудың, сөйлеу мәдениетінің жетілуін, дамуын, әр дәуір сөз шеберлерінің өзінен бұрынғы көркем сөз үлгілерін дамыта отырып, жаңаша үлгідегі шығармалар әкелу мүмкіндігін көрсетеді. «...Ақындық өнер ұшқындары адамзаттың саналы өмірінің барша дәуірлерінде де көрініс беріп отырғанын» ескерсек [7.437], әрбір дәуірдің эпикалық шығарманы тудырушылары мен айтушылары өзінің мақсатына орай қалыптасқан ежелгі мотив-сарындарды екшеп алып, пағын жанрларды да шығарма мақсатын күшейте, өткірлей түсуі үшін дамыта пайдаланып отырғандығын көруімізге болады. Эпикалық шығармалардағы жанр синкретизмі - шығармашылық процестің дәстүрлі көрінісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мелетинский Е.М. О генезисе и путях дифференциации эпических жанров // Русский фольклор, Т.5, 1960.
2. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. Алматы, “Ғылым”, 1993.
3. Мұсабаев Ф. Күлтегін \ “Жұлдыз, 1963, № 3.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: “Ғылым”, 1997.
5. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы, “Жазушы”, 1990.
6. Қоңыратбай Т. Түркі қағанаты кезіндегі фольклор (VI-VIII ғ.ғ.), “Түркология” журналы, 2004, N 4.
7. Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Эпос – ел қазынасы. Бірінші том. Алматы, “Қазығұрт”, 2005.
8. Бернштам А.Н. Социально-экономический строй орхон-енисейских тюрок VI-VIII вв. Москва, Ленинград, 1946.
9. Марғұлан Ә. Шоқан және Манас. Алматы, 1971.
10. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, “Атамұра”, 2005.
11. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. 1-том. Алматы, “Хант”, 1997.
12. Қаржаубай Сартқожа. Орхон мұралары. 1-кітап. Астана, “Күлтегін”, 2003.
13. Күлтегін. Тоныкөк. Алматы, “Өлке”, 2001.
14. Батырлар жыры. Екінші том. Алматы, “Жазушы”, 1986.
15. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. 1-том. Алматы, “Хант”, 1997.
16. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. 3-том. Алматы, “Хант”, 1997.
17. Дәдебаев Ж. Ежелгі әдебиет және халық танымы // Қазақ әдебиеті: ежелгі дәуір. Алматы, “Қазақ университеті”, 2002.

RESUME

К. Altynbekov (Shymkent)

The connection of Orhon written manuscripts with senior folklore genres

Article consider the genre sinkritism - the use of senior folklore genres in Orhon written manuscripts in comparison with heroic epos.